

2025 жылдың шілде айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы 72,8 млрд. теңгеге 144,2 мың ақша аударымдары жіберілген. 2025 жылдың маусым айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 2,8%-ға азайса, көлемі 8,2%-ға өсті.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа ХААЖ арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ХААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2025 жылдың шілде айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 3,2% және жалпы сомасының 3,3% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 96,8% және 96,7% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2025 жылдың шілде айында шетелге ХААЖ арқылы 70,4 млрд. теңге сомаға 139,6 мың транзакция жіберілді. 2025 жылдың маусым айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 1,4%-ға азайса, көлемі 8,9%-ға өсті.

Қазақстаннан шетелге жөнелтілген ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Өзбекстан – 29,9 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 42,5%), Ресей – 17,8 млрд. теңге (үлесі – 25,3%), Түркия – 8,7 млрд. теңге (үлесі – 12,4%), Грузия – 4,4 млрд. теңге (үлесі – 6,2%), сондай – ақ Қырғызстан -2,2 млрд.теңге (үлесі-3,2%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	125,11	89,6%	61 097,93	86,7%
Вестерн Юнион	9,01	6,5%	6 535,25	9,3%
MONEYGRAM	1,26	0,9%	1 479,54	2,1%
UPT	1,17	0,8%	950,14	1,3%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,03	2,2%	384,65	0,5%
Жалпы жиынтығы	139,59	100,0%	70 447,51	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен
Өзбекстан	41,02	29,4%	29 940,24	42,5%
Ресей	68,60	49,1%	17 853,55	25,3%
Түркия	14,50	10,4%	8 743,09	12,4%
Грузия	2,14	1,5%	4 369,16	6,2%
Қырғызстан	3,77	2,7%	2 238,89	3,2%
Қытай	1,34	1,0%	1 915,45	2,7%
Армения	0,70	0,5%	1 145,28	1,6%

Әзірбайжан	1,06	0,8%	1 100,74	1,6%
Тәжікстан	1,89	1,4%	676,58	1,0%
Корея Республикасы	0,64	0,5%	550,14	0,8%
Басқалар	3,91	2,8%	1 914,38	2,7%
Жалпы жиынтығы	139,59	100,0%	70 447,51	100,0%


Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі қазақстандық теңгеде (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 68,8%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 60,6%) және АҚШ долларымен (тиісінше 16,7% және 29,7%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2025 жылдың шілде айында Қазақстанға шетелден ХААЖ арқылы 21,3 млрд. теңге сомаға 51,5 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2025 жылдың маусым айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны 6,0%-ға өссе, көлемі 14,4%-ға өсті.

Шетелден алынған ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей - 5,3 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 24,9%), Америка Құрама Штаттары– 3,2 млрд. теңге (үлесі – 15,2%), Өзбекстан – 2,4 млрд. теңге (үлесі -11,1%), Түркия – 2,1 млрд. теңге (үлесі – 10,0%), сондай-ақ Германия - 1,8 млрд. теңге (үлесі -8,4%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сума (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	21,43	41,6%	10 426,75	49,0%
Вестерн Юнион	18,43	35,8%	6 658,71	31,3%
MONEYGRAM	8,76	17,0%	3 793,73	17,8%
UPT	0,29	0,6%	121,80	0,6%
Басқа ақша аудару жүйелері	2,61	5,1%	263,96	1,2%
Жалпы жиынтығы	51,51	100,0%	21 264,96	100,0%


Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы состадағы үлесі, %-бен
Ресей	16,78	32,6%	5 285,71	24,9%
Америка Құрама Штаттары	7,44	14,4%	3 241,69	15,2%
Өзбекстан	2,68	5,2%	2 367,14	11,1%
Түркия	5,24	10,2%	2 122,89	10,0%
Германия	7,11	13,8%	1 790,26	8,4%
Корея Республикасы	1,98	3,8%	1 352,90	6,4%
Қырғызстан	1,07	2,1%	721,91	3,4%
Грузия	0,90	1,7%	648,73	3,1%
Әзірбайжан	0,43	0,8%	477,97	2,2%
Израиль	0,78	1,5%	293,12	1,4%
Басқалар	7,10	13,8%	2 962,65	13,9%
Жалпы жиынтығы	51,51	100,0%	21 264,96	100,0%

Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 44,4% және жалпы сомасының 56,2%) және қазақстандық теңге (тиісінше 26,7% және 20,1%) жүргізілді.

Алынған аударымдардың жалпы
санындағы үлесі



Алынған аударымдардың жалпы
көлеміндегі үлесі

